





**Автор:** Алибекова Лайла Рысбаевна  
**Пән:** Әдебиеттік оқу  
**Сынып:** 4-сынып  
**Бөлім:** Қоршаған ортаны қорғау  
**Тақырып:** Кітап неден жасалады?

Оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтемеу):	4.3.2.1 – таныс мәтінге жаңа кейіпкерлер қосу, жаңа сюжеттер енгізу, өлең (төрт жолды) жазу; 4.2.9.1 – түрлі дереккөздерден қажетті ақпаратты табу, өңдеу және тұжырым жасау, себеп-салдарлық байланысын сызба түрінде көрсету; 4.3.4.1 – мұғалімнің көмегімен шығарманың құрылымын, стилін жетілдіру, өз бетінше сын тұрғысынан бағалау және лексикалық, орфографиялық, пунктуациялық қателерді тауып түзету.
Сабақтың мақсаты:	Барлық оқушылар: Мұғалімнің көмегімен көркем шығармадағы оқиғаның басталуын, дамуын мен аяқталуын анықтап, шығарманы бөліктерге бөліп, жоспар құрастырады, жазбаша шығармашылық жұмыстар жүргізеді, өз пікірін білдіруде вербалды емес тілдік құралдарды, сөйлеу барысында иллюстрациялар, суреттер қолданады. Көптеген оқушылар: Әдеби көркем сөздер (аллитерация, әсерілеу) ұғымымен танысады. Өз ойын, сезімін, көзқарасын өмірде болған, өзге шығармадағы ұқсас оқиғалармен салыстыра отырып пікір білдіреді. Кейбір оқушылар: Оқушылардың оқу сауаттылығын арттыруға, дұрыс оқу сауаттылығын қалыптастыруға, сөйлеу мәдениетін, сауатты жазу, шығармашылық қабілеттерін дамытуға, ұлттық құндылықтарды сақтауға мән беріледі.
Тілдік мақсаттар:	Тілдік дағдылар.Терминология. Сөз тіркестері: Әдеби мұра Әдеби көркем сөздер Халық ауыз әдебиеті Даналар нақылы Асыл сөз Шешендік
Күтілетін нәтиже:	кітаптың шығуы туралы толық мәлімет алады. жаңа тақырыппен танысады Шығарманың тақырыбы және негізгі ойды анықтай алатын дағдысы жетілдіріледі. Мұғалімнің көмегімен көркем шығармадағы оқиғаның басталуын, дамуын мен аяқталуын анықтап, шығарманы бөліктерге бөліп, жоспар құрастырады, жазбаша шығармашылық жұмыстар жүргізеді.
Бағалау критерийлері:	Шығарма кейіпкерлерінің іс-әрекетіне сыни баға береді, мәтін бойынша сұрақтар құрастырып, мүмкін болатын жауаптарды болжап, өзін-өзі бақылауды, өзін-өзі бағалауды, мәтін бөлімдері арасында мағыналық байланысты түсіне отырып, жоспар құруды түрлендіруді үйренетін әдістемені тәжірибеден өткізеді.
Құндылықтарды дарыту:	Адамгершілік, еңбекқорлық.
АКТ-ны қолдану дағдылары:	Электронды тапсырмалар.
Пәнаралық байланыс:	Қазақ тілі, көркем еңбек, жаратылыстану.
Бастапқы білім:	Бұған дейін оқушылар мәтіндегі көркем сөз жөнінде практикалық түрде түсінік, мәтін түрлері, мәтіндегі негізгі ой туралы қарапайым мағлұматтарынан хабардар.Оларда оқылған шығармадағы оқиға жүйесін анықтап, оны бөліктерге бөлу, әр бөлікке ат қойып жоспар құру дағдылары қалыптасқан. Шығарманың тақырыбы және негізгі ойды анықтай алады. Негізгі ойды тұжырымдау, оны мәтін атауымен сәйкестендіру, жоспар бойынша мәтінді мазмұндау дағдысы жүйеленген.

### Сабақ барысы

Сабақ кезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
-----------------	------------------------	-----------

<p>Сабақтың басы</p>	<p>Психологиялық ахуал туғызу «Кездесу» ойыны Жай әуенмен екі шеңбер болып қарама –қарсы айналады, әуен тоқтаған кезде бір-біріне қарап, баланың қасиетін айтады. Жаңа топ құру Топтарға бөлу. Себетпен конфет әкелу. Оқушыларға себеттен конфет алуларын сұраймын. Конфеттің түрлеріне қарай 3 топқа бөлініп отырады. 1-топ «Сары кәмпиттер» 2-топ «Көк кәмпиттер» 3-топ «Қызыл кәмпиттер» Жұмыс ережесін келісу Алдыңғы білімді еске түсіру (жеке, жұпта, топта, ұжымда) Өткен сабақты еске түсіру Кейіпкермен сөйлес Image not found or type unknown</p>  <p>Мені кім «тербетіп, аялап» өсірді? – Жасым сақинамда жазулы екенін білесіңдер ме? – Қартайғанымды қалай білдіңдер? – Қалай ой–лайсың, ағашқа кім қамқор–лық жасауы керек?</p>	<p>Оқушыларды топтарға бөлуге арналған суреттер. Сұраққа жауап берген оқушыны мадақтау, толықтыру жасау, тиімді кері байланыс орнату. Алдыңғы білімді еске түсіру тапсырмалары</p>
<p>Сабақтың ортасы</p>	<p>Танаш Дәуренбеков Танаш Дәуренбеков (1927-2000) – жазушы. Қызыл–орда облысының Тереңөзек ауданында дүниеге келген. «Бір түйенің әлегі», «Он бес жыл өткен соң», «Сыр балалары» атты шығармалары бар. Жазушы әңгімелерінде ауыл балаларының өмірін шынайы бейнелейді. Image not found or type unknown</p>  <p>Түсініп оқы Кітаптар мұңы Дескрипторы: Өз ойын, сезімін, көзқарасын өмірде болған, өзге шығармадағы ұқсас оқиғалармен салыстыра отырып пікір білдіреді. Берілген тапсырмаларды орындайды. тізбектеп оқиды Сұрақтарға жауап беріп, өз пікірін дәлелдейді.</p>	<p>Тапсырма ны орындаған оқушыны мадақтау, толықтыру жасау, тиімді кері байланыс орнату.</p>

Сабақтың соңы

Ой толғаныс кезеңі.

Тапсырма ны орындаған оқушыны мадақтау, толықтыру жасау, тиімді кері байланыс орнату. Оқушылар сабақтан алған әсерлерін кері байланыс парағы тапсырмалары арқылы білдіре алады.

Image not found or type unknown





Image not found or type unknown



Рефлексия

Рефлексия «Білім сандығы » әдісі.